Келісемін:

Әдіскер міндетін атқарушы

_____ Темирова З.А.

«2» 09 2025 жыл

Бекітемін:

мектеп директоры

_____ Абаев Е.Е.

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

3-4 жас аралас топ

Келісемін:

Әдіскер міндетін атқарушы

Темирова З.А.

«1» 9 2025 жыл

**Тәрбиелеу білім беру процесі**

**2025-2026 оқу жылы**

**Аралас топ 3-4 жас**

**Қыркүйек 1-апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі 02.09.2025 | Сәрсенбі 03.09.2025 | Бейсенбі 04.09.2025 | Жұма 05.09.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| «Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасын аясында. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы<br>Аптаның дәйек сөзі: «Білім-қымбат қазына, қанағат тұтпа азына». М.Әлімбаев. | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | | Сәлемдесу<br>Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында салт дәстүр бойынша бейнеролик көрсету** | Сәлемдесу<br>Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын (Асық ату) ұйымдастыру** | Сәлемдесу<br>Көңілді әуенмен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Қазақстан халқы тілдері күні тақырыптық іс-шара** | Сәлемдесу<br>Жақсы көңіл күй тілеу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын (Бес тас) ұйымдастыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу,**<br><br>**кеңес беру** | | Балабақшада қойылатын талаптарды біріңғай үйдеде қолдануға кеңес беру<br><br>Ата-анамен консультация | Үйде балаға балабақша туралы кітап мен мульфильмдер көрсету туралы кеңес беру<br><br>Ата-анамен консультация | Балабақшада баланың болуы оның өміріндегі маңыздылығы туралы ата-анаға кеңес беру<br>Ата-анамен консультация | Баланы балабақшаға жақсы көңіл күймен ұйқыдан тұрғызып, аналық мейірім төгіп әкелу туралы кеңес беру<br>Ата-анамен консультация |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **(3-жас )**<br>**Міндеті:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айты<br>Артикуляциялық жаттығу жасау<br>а-а-а-<br>оо-о-о-о-о<br>п-п-п-п<br>б-б-б-б-<br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін. )** | **(3-жас )**<br>**Міндеті:** Дене жаттығуларын секіру арқылы орындауға қызығушылығын арттыру.<br>**Секіру ойыны**<br>**Қояндар мен қасқыр**<br>Мақсаты: Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.<br>**Шарты:** Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады.<br>қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады.<br><br>**(коммуникативтік, физикалық, шығармашылық** | **(3-жас )**<br>**Міндеті:**.Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту.<br><br>**Тез ойла**<br><br>**Ойын Барысы:**<br>Тәрбиеші балаға өзінің алдында, оң, сол жақтарында нелер тұрғанын айтқызу. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br><br>**(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік. )** | **(3-жас )**<br>**Міндеті:** Балаларды отбасы мүшелерінің бейнеленген фотосуреттерін қарауға өзінің отбасы, отбасылық қарым – қатынас не екеінін үйрету<br><br>**Мен кіммін?**<br><br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атау, жақын қарым қатынас орнату<br><br>**«Анам және менің сүйікті тағамымыз»**<br><br>Анасы және қызы бірігіп, сүйікті ас пісіру видеороligін ұсыну<br><br>**Тәрбиешімен бірігіп еркін әңгіме құру**<br><br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кесеге дейін жол салыңдар. **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік. )** | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | | **Таңғы жаттығу кешені№2** | **Таңғы жаттығу кешені№3 Абай Құнанбаев қара сөзі жаттау** | **Таңғы жаттығу кешені№4** | **Таңғы жаттығу кешені№5** |
| **Таңғы ас** | | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.<br>**Жеке бас гигенасы мәдениетін үйрету**<br>**«Өнегелі 15 минут»**<br>Тәрбиешінің баланың мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі. | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету<br>**Дұрыс тамақтану үйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту |
| **Тілге бойлау жобасы** | | Әдептілік<br>Біз әдепті баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Үлкендерге жол беріп,<br>Біз ақылды боламыз. | Бас бармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкентай бөбек! | Отан отбасынан басталады.<br>***<br>Туған жердей жер болмас,<br>Туған елдей ел болмас. | «Айтыс» әңгімесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды. ) | | әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды. ) |
| | | **(4 жас)**<br>**Міндеті:** Қоршаған ортамен таныстыру, айналадағы ортаны тану<br>**Балбақша ауласына саяхат.**<br>Балабақша ауласына саяхатқа алып шығу.Аулада өсіп тұрған ағаштармен, бұталармен таныстыру.<br>**5.Сұрақтар ілметі**<br>-Балабақшамыздың ауласында не өседі?<br>-Қандай гүлдер өседі екен?<br>-Қандай ағаштар өседі екен?<br>-Балабақша ауласы сендерге ұнай ма?<br><br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды. )** | **(4 жас)**<br>**Міндеті** Ермексаз әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу<br>Үлкен доп кіші доп суреттері арқылы.<br>1-топ ермексаздан үлкен доп мүсіндейді.<br>2-топ ермексаздан кішкентай доп мүсіндейді.<br>Балаларды бақылау<br>Жеке көмек беру<br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** | **(4 жас)**<br>**Міндеті:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру<br>Топтағы заттар .«Көп», «Біреу» ұғымдары»<br>Мен санау білмеймін. Менің оң қолымда қанша шар және сол қолымда қанша шар бар?<br>Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс.<br>– Суретте ең көп бейнеленген қандай зат?<br>–Қандай заттар бір-бірден салынған?<br>Мұнда қанша тауық бар?<br>- Қанша балапандар бар?<br>- Мына ағашта қанша алма?<br>- Ал, мына ағашта қанша алма?<br>**«Сызық жүргіз» ойыны.**<br>Дәптермен жұмыс.<br>Шарты: үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай | . **(4 жас)**<br>**Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады<br><br>**Бір қадам әдісі бойынша жаттау.**<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Алақанға соғайық.<br>Бір отырып, бір тұрып<br>Біз демалып алайық<br>**Дид.ойын: «Не жоқ?»**<br>Қай ойыншық жоқ екенін атады<br>Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Коммуникативті дағдыны дамыту**<br>**Сөйлемді дамыту және көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру **«Экологиялық бағдаршам» ойын-сауық** **Мақсаты:** Балаларды табиғат сұлулығын көріп, сезіне білуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **(3 жас)** **Қазақ тілі** **Міндеті:**Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатынтуыстық қатынастағы сөздерді айтқызу **Тәрбиешімен әңгіме** Тәрбиеші балаларға отбасын мүшелері туралы сұрақтар қояды балалр туыстық қатынастағы атауларды араластырып сөйлемдер құрып, тәрбиешімен балалармен диалогка түседі | **(3 жас)** **Дене шынықтыру** **Міндеті**:Қимылдарды белсенді орындауды дамыту, қимылдары үйлестіру Сылдыр-сылдыр сылдырмақ. **Барысы:** Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге (аяқ бірге-аяқ алшақ) үйрету. | **(3 жас)** **Музыка жетекшінің жоспарына сәйкес** | **(3 жас)** **Дене шынықтыру** **Міндеті:** Спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету **Барысы:** Үш дөңгелекті велосипедті оңға және солға бұру арқылы тебуді үйрену |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | | **(4-жас)**<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Ересектер мен балалармен карым қатынас жасауды үйрету<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>**Жұмбақ:**<br>Ақ сұңкар құсым келеді.<br>Жолына бояу жағып келеді. (Ұшақ)<br>-Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>- Балалар сендер ұшаққа отырып көрдіңдер ме?<br>-Ұшақ қандай көлік түрлеріне жатады?<br>Балалар көлік бара алмайтын жерге ұшақ барады. Алыс айшылық жерлерге жылдам уақытта ұшақ ұшып барады.<br>Балалар бүгін біз ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. | **(4-жас)**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**. Лақтыру әдісі арқылы балалрдың қимыл қозғалысын қалыптастыру<br><br>**Доп лақтыру әдісі** арқылы жыл мезгілін,ай атын,апта күнді сұрау.<br>Балалар, қазір сендер қайдасыңдар?<br>Кімдер бар балабақшада?<br>Балабақшада не істейсіңдер сендер?<br>Балалардың жауаптары<br>**АКТ технологиясы.**<br>Слайд .Балабақша туралы түсінік беру.<br>Физикалық дағды, қоршаған орта туралы түсінік қалыптастыру | **(4-жас)**<br>**Музыка жетекшінің жоспарына сәйкес** | **(4-жас)**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық,қимылды ойындар , спортпен айналысуға қызығушылықтарын ашу<br>**Жалпы даму жаттығулары.**<br>**1.** Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру<br>**2.** Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек-кезек көтеру<br>**3.** Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | | киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру<br><br>**Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br><br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br><br>**Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** |
| **Серуен** | | **Серуен картотекасы№2**<br>***Желді бақылау***<br>Табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру үшін жер дайындау<br>Балаларды тапсырылған іске тыңғылықты қарауға үйрету. Жұмысты тату жасау, бір – біріне көмектесу<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды)** | **Серуен картотекасы№3**<br>**Күнді бақылау**<br>**Гүлзардағы еңбек. Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту**<br>Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру.<br>Ұйымшылдықпен жұмыс жасауға, бір – біріне кедергі жасамауға, ортақ тапсырманы орындауға үйрету.<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды)** | **Серуен картотекасы№4**<br>**Бұлтты бақылау**<br>**Еңбек тапсырмалары**<br>Өз өзіне қызмет ету; серуен соңында ойыншықтарды жинау.<br>Еңбек ете алу қабілетін дамыту, үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін тәрбиелеу<br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды)** | **Серуен картотекасы№5**<br>**Жаңбырды бақылау**<br>**Табиғи материалдардан қолдан жасалатын зат дайындау**<br>Қарағай бүршіктерімен жұмыс жасап үйрету, балаларды бізді қоршаған табиғаттың әсемдігін көруге тәрбиелеу. Өз еңбегінен рахат алу.<br>**«Асыл тәрбие ұл балаға әкеден»** атты бала тәрбиесінің маңыздылығын түсіндіру әңгіме<br><br>**(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | | дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу** |
| **Түскі ас** | | Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық , өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гигенасы мәдениетін үйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Дұрыс тамақтану үйету** |
| **Күндізгі ұйқы** | | балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету<br>ұйықтар алдында балаларға кітап оқу | ұйықтар алдында балаларға кітап оқу | балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету<br>Бесік жырын айту | ұйықтар алдында балаларға кітап оқу |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | | тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар.Көз жаттығуларын жасау | жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**«Өнегелі 15 минут»**<br>**тәрбиешінің баланың мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету<br>**Дұрыс тамақтану үйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | | **(3-жас)**<br>**Міндеті:** балаларды геометриялық фигуралармен таныстыру, фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру<br>**Мақсаты:** Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету.<br>**Ойын Барысы:** Балалар геометриялық /үшбұрыш, шаршы, дөңгелек және с.с./ пайдаланып, мұғалімнің тапсырмасына үндемеcтен жауап беруі тиіс.<br>Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды.:<br>а/дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойындар /үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді/:<br>б/мұндағы | **(3-жас)**<br>**Міндеті:**<br>**Өсімдік түрін ажырату, қағаз бетіне көлемі мен түсі бойынша жапсыруды үйрету**<br>**(жұмбақ жасыру)**<br>Адамдардың бәрі қызығады.<br>Су құймасаң сәні бұзылады.<br>Бұл не?<br>**Табиғат бұрышына саяхат.**<br>**Топтағы гүлдермен таныстыру.**<br>Міне, мынау – қаттамақ деп аталатын гүл. Бөлме гүлі. | **(3-жас)**<br>**Міндеті: Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлаға үйрету**<br>**Топ бөлмесіне саяхат.**<br>Топ бөлмелерімен, ондағы құрал-жабдықтармен, заттармен таныстыра-ды. Балаларға Әр бөлменің өзіндік ерекшеліктері бар екенін, топтағы заттарды ұқыптылықпен ұстау керек екенін түсіндіру.<br>**«Нені қайда қоямыз?»** дидактикалық ойыны.<br>Ойыншықтарды өз орындарына қояды.<br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,** | **(3-жас)**<br>**Міндеті:** балалардың ересектермен достарымен қарым-қатынас жасауына ықпал ету<br>**«Бізге қонаққа кім келді?» ойыны.**<br>**Мақсаты:** құрдастарына деген достық қарым-қатынасын белсендіру.<br>Ересек адам топтағы екі-үш баланы шетке шығарады және олармен бірге балаларға қонаққа келетін жануарларды бейнелейтіндігімен келіседі. Балалар қандай жануарларды бейнелейтінін шешеді.<br>Балалар шеңберге тұрады. Қонақтар кезекпен үйірмеге кіреді. Ересек адам балаларға айтады: «Қарандаршы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойындар /бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді/; в/дәл осындай пішінді көрсетіңдер /дөңгелекті көрсетеді/және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіңдер. **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** | Ал енді осы гүлді сипаттайық Содан кейін бұл өсімдіктің бейнесін жапсырамыз **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** | бізге қандай керемет аң келді, оның көздері қандай, ол қандай әдемі қимылдайды және т.б.» Балалар өздеріне қандай аңдар келгенін және олардың көңіл-күйлері қандай болғанын болжауы керек **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** |
| | | **(4-жас)** **Міндеті:** Балаларға жиын оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшембегі заттардан тұрғындығы туралы түсінік беру. **Д/О «Менің отбасым»** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру **Балалардың дербес** әрекеті Мақсаты: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды | **(4-жас)** **Міндеті:**5 ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту Д/О«Қасиетті жер кереметі» Мақсаты:1ден 3 -ге дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. **Балалардың дербес әрекеті** Мақсаты: Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай | **(4-жас)** **Міндеті:** Көлемді санай алады, заттарды ретімен санату Д/О«Тұрмыстық заттар» Мақсаты:1ден 3 -ге дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. 3 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру **Балалардың дербес әрекеті** Мақсаты: | **(4-жас)** **Міндеті:**5 ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту Д/О «Құстар» Мақсаты: Мақсаты:1ден 3 -ге дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. 3 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру **Балалардың дербес әрекеті** Мақсаты: Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | | орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік,)** | қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды)** | «Денсаулық – зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. **(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, әлеуметтік-эмоционалды)** | қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. **коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік,)** |
| **Серуенге дайындық** | • | киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру **Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Мемлекеттік тілді меңгерту** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту **Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету **Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** |
| **Серуен** | | **Серуен картотекасы№7** **1. Тұманды бақылау** *Бақылау* Балаларға неліктен тұман болатындығын түсіндіру. Тұман қалай пайда болатынын, қашан болатынын, қандай пайда келтіретінін еске түсіру. *Екеуі де ұсақ, кішкене су* | **Серуен картотекасы№8** **1. Шықты бақылау** ***Бақылау*** *Күзде шықтың жиі түсетінін, оның барлық жерлерде күмістей болып жарқырап жататынын атап айту.* Күзде неліктен таңғы мезгілде шық мол түсетінін және | **Серуен картотекасы№9** **1. Аспанды бақылау** ***Бақылау*** Балалар назарын ашық, ашық сұр аспанға аудару, ол аспанды жиі бұлыңғыр, сұр бұлттар басып, жиі суық жаңбыр құятынын айту. Табиғаттың күзгі | **Серуен картотекасы№10** **1. Күзгі өрмектің ұшуын бақылау** *Бақылау* Жәндіктердің қоршаған ортаға бейімделуі туралы нақты ұғымдар беру. Ерте күзде көптеген өрмектің ұшуын көруге болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | | *тамшыларынан тұратындықтан бұлттар мен тұман – егіздер. Тұман қалың болғанда айналадағы заттар көрінбейді. Тұман әсіресе, таңертеңгі мезгілде, жер қатты суық болған кезде қалың болады.* Қоршаған әлем жайлы балалардың білімін кеңейту. Ойлау операцияларын, таным қызығушылығын дамыту. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды)** | ақырындап жоғалып кететінін, ал кей кезде күні бойы сақталатынын балалармен бірге еске түсіру. Табиғат құбылыстарының өзара байланысын көрсету: күн шықты – шық жоғалды. Балалардың эстетикалық қабылдауын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу. **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | құбылыстары жайлы балалардың ұғымдарын кеңейту. Байқағыштығын, аңғарымпаздығын, салыстыра алуын дамыту. Балалардың сөздік қорын белсенді ету және байыту. **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | Желсіз ашық күндері бұталарға, шөптерге, шарбақтарға ілінген өрмек жіпшелерінен олардың жас қожайындары – кішкене өрмекшілерді көреміз. Өрмекші ұшуға дайындалғанын түсіндіру, өрмекші сабақтың басына шығады да қарнын оған қысады, өрмек сүйелшелерінен жіңішке өрмек шығады, ал оны жылы ауа жоғары көтеріп алып кетеді. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу |

Келісемін:

Әдіскер міндетін атқарушы

Темирова З.А.

«5» 9 2025 жыл

Тәрбиелеу білім беру процесі

2025-2026 оқу жылы

Аралас топ 3-4 жас

Қыркүйек 2-апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>08.09.2025 | Сейсенбі<br>09.09.2025 | Сәрсенбі<br>10.09.2025 | Бейсенбі<br>11.09.2025 | Жұма<br>12.09.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| «Адал азаат» біртұтас тәрбие бағдарламасын аясында. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы.<br>Аптаның дәйек сөзі: «Жанұям-қорғаным, ата-анам-тірегім!» | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Салемдесу<br>Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу<br>**Медбике тексеруі** | Салемдесу<br>Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын (Асық ату) ұйымдастыру** | Салемдесу<br>Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын (Бес тас) ұйымдастыру** | Салемдесу<br>Көңілді әуенмен қарсы алу<br>**Медбике тексеруі**<br>**Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ұлттық ойын (тоғызқұмалақ) ұйымдастыру** | Салемдесу<br>Жақсы көңіл күй тілеу<br>**Медбике тексеруі**<br>**«Отбасы күні» тақырыптық іс-шара** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен әңгімелесу,**<br><br>**кеңес беру** | Баланы балабақшадан қалдырмау туралы кеңес беру<br><br>Ата-анамен консультация | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау<br>Ата-анамен консультация | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау<br>Ата-анамен консультация | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу<br>Ата-анамен консультация | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу<br>Ата-анамен консультация |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **3-жас**<br><br>**Міндеті:** Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету<br><br>**Балабақшалағы ойыншықтар**<br><br>**Мақсаты:** Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету. | **3-жас**<br><br>**Міндеті:** Бірқалыпты шеңбр бойымен жүру<br>**Дидактикалық ойын:** Дайын бол.<br><br>**Барысы:** Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді.<br><br>Мысалы: қоян – секіреді, құс – ұшады т.с.с.<br><br>**Ұлттық күн**<br>**Ұлттық киімде келеді**<br>**«Ұлттық ойындар» жобасыаясында ҮІӘ ұлттық ойындарды қолдану**<br><br>**(коммуникативтік, физикалық, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **3-жас**<br><br>**Міндеті:** Көлденең және тік сызықтарды салу, дөңгелек пішінді заттарды бейнелеуді үйрету<br><br>**«Суреттер сыры »**<br>**Мақсаты:** Суретті үлгі бойынша бояп, эстетикалық талғамын дамыту.<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін)** | **3-жас**<br><br>**Міндеті:**Балалар әдебиетіне , театр әлеміне қызығушылықтарын қалыптастыру<br><br>**Сюжеттік ойын «Педагог» сюжетті-рөлді ойынының**<br>**Мақсаты:** балалардың, педагогтың әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу.<br><br>**Барысы:** балалар өздері ұнатқан педагогтарының іс-әрекетін айту, педагог ретінде өзін ұстау туралы айту<br><br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** | **3-жас**<br><br>**Міндеті:** Шешендікке, әдеби тілге баулу<br><br>**Мақал мәтелдер»**<br>**Мақсаты:** Айтылған мақал- мәтелді қайталап айтып беруге<br><br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін,)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | **4-жас**<br>**Міндеті:**«Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.<br>**Ойын шарты:** Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне катарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қоялы, сол женіп шығады.<br>**Қажетті құралдар**: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар. **(коммуникативтік, физикалық, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **4-жас**<br>**Міндеті:** Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты**: Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>**Ойын іс-әрекеті:**Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.<br>**Қажетті құралдар**: Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері.(көлімдері 7×8см карточкалар). **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, )** | **4-жас**<br>**Міндеті:** Көлденең және тік сызықтарды салу, дөңгелек пішінді заттарды бейнелеуді үйрету<br><br>**«Суреттер сыры »**<br>**Мақсаты:** Суретті үлгі бойынша бояп, эстетикалық талғамын дамыту.<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, )** | **4-жас**<br>**Міндеті:** Балалардың жеміс-жидек, көкөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату.<br>**Ойын шарты:** Көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру.<br>**Ойын іс-әрекеті:** Үш үлкен карточка- бақша, бау, гүлзар бейнеленгенкөлімдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер , гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **4-жас**<br>**Міндеті:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту.<br>**Ойын шарты:** Бала өз суреті бойынша әңгімелейді, ал әңгіме қай мезгіл туралы айтылғанын, бағыттаушы кімге көрсетсе сол жауап береді. Жауап дұрыс болған жағдайда ғана сурет балаларға көрсетіледі. **( коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **. Жаттығу кешені №6**<br>Сапта тұрып, бірінен кейін бірі тізіліп жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру.<br>Шеңбер жасап тұру | **Жаттығу кешені №7**<br>Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, бірінің артынан бірі тұру.<br>Қоянша секіру, аюша қорбаңдау, құсша қанат қағу. | **Жаттығу кешені №8**<br>«Маған қарай жүріңдер» ойыны.Бір бағытта топтасып жүру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі** | **Жаттығу кешені №9**<br>Тәрбиешінің артынан шеңбер бойы жай жүру, аяқ ұшымен жүру. | **Жаттығу кешені №10**<br>Психогимнастика: «Күлімдеп амандасайық».<br>«Саусақтар амандасады»: Екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тік тұрып, қолды алға, жоғары, жанға созу,төмен түсіру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі** | Шеңбер құрып тұру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі** | | Қолды алға созу, жоғары созу, жанына түсіру(<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі** | қолдың саусақтарын біртіндеп түйістіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі** |
| **Таңғы ас** | Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру<br>**Мәдениетті тамақтану үйрету** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау.<br>**Жеке бас гигенасы мәдениетін үйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету<br>**Дұрыс тамақтану үйрету** | тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту |
| **Тілге бойлау жобасы** | «Түлкі мен құмыра» ертегісі | «Тақия тастамақ» қимылды ойын | «Сәлем!» сергіту жаттығуы | «Күшік» артикуляциялық жаттығу | «Алма бағы» саусақтармен ойнатылатын сергіту сәт |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау | Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру | Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған** | **3-жас**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>Тапсырмаларды | **3-жас**<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**<br>Артикуляциялық | **3-жас**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Дене жаттығуларын орындау барысында лақтыру | **3-жас**<br>**Музыка жетекшінің жоспарына сәйкес** | **3-жас**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>Дене жаттығуларын орындау барысында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| іс-әрекет | орындай отырып жүру жаттығуын орындау<br>**Тығылмақ**<br>**Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа,ептілікке, бірлікке тәрбиелеу.<br>**Ойынның шарты:** Тәрбиеші санамақ арқылы жүргізуші сайлап алады. Жүргізуші тәрбиешінің қасында немесе белгіленген жерде көзін жұмып тұрады, ал басқа балалар тығылады. Жүргізуші: « 1-2-3-4, іздеуге шықтым». Тауып алған баланың атын атайды. Осылай 3-4 баланы тапқан соң басқа баланы сайлайды. | жаттығулар арқылы сөйлеуді, естуді дамыту.<br>Ә-ә-ә-ә-ә<br>Ө-ө-ө-ө-ө<br>Ғ-ғ-ғ-ғ-ғ-ғ- | қағып алу дағдыларын дамыту<br>***Мысықтар мен балалар***<br>**Мақсаты:** ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету.<br>**Шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.<br>Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады.Балалар «кис-кис», деп шақырады.<br>(артикуляциялық жаттығулар Тіл ұсарту) | | лақтыру қағып алу дағдыларын дамыту<br>***Доптар мектебі***<br>**Мақсаты:** Доппен ойнаудың түрлерін үйрету,екі қолмен қағып алу,қабырғаға ұру, жерге ұрып қағып алу сияқты т.б.түрлерін ойнай білу.Ептілікке тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Балалар тәрбиешінің көрсеткен жаттығуларын орындайды.<br>1. Допты жоғары лақтырып екі қолмен қағып алу.<br>2. Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу.<br>3. Допты жерге соғып шапалақты соғып екі қолмен ұстап алу. |
| | **4-жас**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Жалпы қозғалыс жаттығуларымен таныстыру<br>**. Шеңбермен жүру.**<br>Қолды жоғары созайық, | **4-жас**<br>**Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Шағын өлеңдер жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық | **4-жас**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Жалпы қозғалыс жаттығуларымен таныстыру<br>***Жалпы даму жаттығулары.*** | **4-жас**<br>**Музыка жетекшінің жоспарына сәйкес** | **4-жас**<br>**Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Жалпы қозғалыс жаттығуларымен таныстыру<br>**Шеңбер бойымен жүру,жүгіру.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шапалақты ұрайық.<br><br>(қолды жоғары созып шапалақтап жүру)<br><br>Кәне қолды жазайық,<br><br>Қарлығашқа ұқсайық<br><br>Балаларды мадқтау.<br><br>Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.<br><br>**3.Жалпы даму жаттығулары.**<br><br>1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /4 рет қайталау/<br><br>2. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «көрдім» деп айту. / 4 рет қай/<br><br>**Музыка жетекшінің жоспарына сәйкес** | екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.<br>**Азық -түлік туралы жұмбақтар мен өлендер**<br>. | 1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу.<br><br>2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру.<br><br>3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу.<br><br>4.Б.Қ.Допты ұстап секіру.<br><br>5.Тыныс алу.<br><br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br><br>**Құрсаудан еңбектеп өту.**<br>**5.Қимылды ойын:**<br>Торғайлар мен мысық<br><br>Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. | | «Орман аңдары»<br><br>1. «Аю»<br><br>Қолды белге қойып, (қорбаңдап) табанды нық басып жүру.<br><br>2. «Түлкі»<br><br>Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.<br><br>3. «Көжек»<br><br>Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.<br><br>4. «Қасқыр»<br><br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.<br><br>Балаларға әр түсті екі текшелерден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br><br>**Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру<br><br>**Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br><br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту<br><br>**Мемлекеттік тілді меңгерту** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету<br><br>**Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру**<br><br>**«Үнемді тұтыну»**<br><br>**Мақсаты:** Табиғи ресурстар мен жасанды ресурстарды үнемді пайдалану жолын қалыптастыру, әңгіме жүргізу |
| **Серуен** | **Серуен картотекасы №11**<br><br>**Топырақты бақылау**<br><br>*Бақылау*<br><br>Балалар назарын аяқ астына, жерге аудару. Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық сұр болады. Жаңбырлы күні ол қара түсті, тығыз, ылғалды болады. Алғашқы суық түсісімен топырақ тас сияқты болып қатып қалады.<br><br>**«Үнемді тұтыну»** | **Серуен картотекасы №12**<br><br>**1. Алғашқы суық түскенін бақылау**<br><br>*Бақылау*<br>*Жерге алғашқы қыраудың түсуі – күз белгісі екеніне* балалардың көңілін аудару. Таңертеңгілік жер, үй шатырлары күмістей аппақ болады. Күн суытып аяз күшіне ене бастады. Өзендер мен көлдердің бетіне мұз қатты. Мұз үстімен жүруге болатындай көрінеді, бірақ мұздың үстін аяқпен басқан | **Серуен картотекасы №13**<br><br>**1. Тоғанды бақылау**<br><br>*Бақылау*<br>Балаларға тоғанның күзгі жағдайы туралы, өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі күзгі өзгерістерді болдыратын себептер жайлы түсініктер беру.Тоғанның күзгі және жазғы жағдайын салыстыру; суда болатын тіршілік иелерін атау. Байқағыштығын дамыту. Туған табиғаттың әсемдігіне сүйсіне білуге тәрбиелеу. Өзендегі су | **Серуен картотекасы №14**<br><br>**Шалшықтарды бақылау**<br><br>*Бақылау*<br>Балалар назарын таңертеңгілік шалшықтардың бетін мұз жабатынына аударту. Осы жағдайда судың қандай күйде екенін еске түсіру (қатты). Мұздың қасиетін анықтау (суық, сусымалы, мөлдір, жылы болса ериді). Табиғат құбылыстарының өзара байланысын көрсету: түнде аяз болды, | **Серуен картотекасы №15**<br><br>**1. Көбелектерді бақылау**<br><br>*Бақылау*<br><br>Көбелектердің сыртқы түрпаты, қозғалыс тәсілі, қоректенуі жайлы балалардың білімдерін бекіту. Жазда көбелектердің көп болатынын еске түсіру. Олардың енді аз қалғанын атап өту. Неліктен? (Ауа температурасы төмендейді – жәндіктер тығылады). Балаларды жәндіктерге зиян |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| • | **Мақсаты:** Табиғи ресурстар мен жасанды ресурстарды үнемді пайдалану жолын қалыптастыру, әңгіме жүргізу **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | сәтте - ақ ойылып ішіне түсіп кетеді. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды)** | суық екенін, су өсімдіктері өзен түбіне кеткенін, бақалардың көрінбейтіндігін айтып өту. Кей кезде ғана тегіс су бетінде көпіршіктер көрініп қалады. Бұл кішкене аш балықтар олар суға шегіртке, әлде маса қона ма деп күтіп жүр. **(коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды)** | шалшықтардағы сулар қатты, күндіз күн жылынды – мұз еріді. Танымдық қызығушылықтарын дамыту, тұрақты көңіл қоюын, байқағыштығын тәрбиелеу. **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | кетірмеуге үйрету, сонымен қатар жердегі барлық тіршілік иелерінің әсемдігін көріп қуана білуге үйрету. **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** |
| **Серуеннен оралу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді , үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Өзіне-өзі қызмет ету қалыптастыру** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Жеке гигиенаны сақтауға баулу** | өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Еңбекке баулу** |
| **Түскі ас** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Дұрыс тамақтану үйрету** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(мәдени-гигеналық , өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** | **Жеке бас гиенасы мәдениетін үйрету** | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету **Бауырсақ** ертегісін айту Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату | ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Мысық, әтеш және түлкі** ертегісін айту | балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту | ұйықтар алдында балаларға кітап оқу **Торғай мен тышқан** ертегісін айту |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Балаларға сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс ұстауға дағдылаңдыру **Мәдени – гигиеналық шараларды дамыту** | тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау Дене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу | жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар.Көз жаттығуларын жасау | жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында **«Денсаулық жолдарымен жүргізу »** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Жеке бас гиенасы мәдениетін үйрету** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шаншыкыны дұрыс пайдалануды үйрету **Дұрыс тамақтану үйрету** | **тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту** **«Үнемді тұтыну»** **Мақсаты:** Табиғи ресурстар мен жасанды ресурстарды үнемді пайдалану жолын қалыптастыру, әңгіме жүргізу | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу ( |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | **3-жас**<br>**Міндеті:** Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.<br>**Менің сүйікті жануарым**<br>**Мақсаты:** Ермексазды қолдана отырып жануар бейнесін жасау<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші бес түрлі жануардың суретін беріп ермексаз арқылы бейнені бастырып шығару қажет және сол сурет бойынша әңгімелеу<br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **3-жас**<br>**Міндеті:** балаларды геометриялық фигуралармен таныстыру, фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру<br>**«Дәл осындай пішінді тап»**<br>**Ойынның мақсаты:** геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.<br>**Ойынның барысы:** алдарындағы **сиқырлы** құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.<br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, )** | **3-жас**<br>**"Көрермен"**<br>**Міндеттері:** ерікті зейінді, реакция жылдамдығын дамыту, өз денесін басқара білу және нұсқауларды орындау қабілеттерін қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** барлық ойыншылар қол ұстасып шеңбер бойымен жүреді. Жүргізушінің белгісі бойынша (қоңырау үні, сылдырмақ, қол шапалақтау, қандай да бір сөз) тоқтайды, төрт рет шапалақтайды, бұрылады және басқа жаққа кетеді. Тапсырманы орындай алмаған адам ойыннан шығарылады. Ойын музыкамен немесе топтық әнмен ойналуы мүмкін. Бұл жағдайда балалар әннің белгілі бір (алдын-ала келісілген) сөзін естігеннен кейін қол шапалақтауы керек.<br>**(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, шығармашылық** | **3-жас**<br>**Міндеті:**Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу<br>**Ғажайып алақан**<br>Мақсаты: қиялын, қиялын, бейнелеу қабілетін, көркемдік талғамын дамыту.<br>**Ойын барысы**<br>Ересек адам балаларды саусақтарын ашып алақандарын айналдыруға шақырады.<br>Дайындық жұмыстарын аяқтағаннан кейін ол былай дейді: "Балалар, сендер ұқсас сызбалар жасадыңдар; оларды басқаша жасауға тырысайық. Кейбір егжей-тегжейлерді аяқтап, алақанның кәдімгі бейнесін әдеттен тыс суретке айналдырыңыз".<br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық** | **3-жас**<br>**Міндеті:** Музыкалық ойыншықтар арқылы музыкалық аспаптарды ажырата білуге баулу<br>**Менің сүйікті аспабым**<br>**Мақсаты:** Ойыншық аспаптардың дыбыстарын ажырату<br>**Ойын барысы:**Балалар артқа қарап тұрады, музыка жетекшісі аспаптардың дыбысын кезектестіріп шығарады, балалар дыбыстар қай аспаптан шыққанын айтады..<br>**(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, )** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, ) | дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, ) | |
| • | **4-жас**<br>**«Қол соғу» ойыны**<br><br>**Міндеті:** Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, қанша болса сонша ұғымдарын қалыптастыру үшін жаттықтыру.<br>**Ойынның мазмұны.**<br>**1 вариант.** Тәрбиеші қол соғады. Балалар санайды. Одан соң тақта алдына шақырылған балалардың бірі тәрбиешінің қол соғуын қайталап, оның неше рет қол соққанын айтуы немесе дөңгелектің тілін қол соғу санына сай келетін сандық фигураға қаратып қоюы тиіс.<br>**2 вариант.** Ойын күрделенеді. Балалар үндемей, қол соғу санын есептейді, әрқайсысы дөңгелек тілін өздігінен жылжытады. Тәрбиеші ойын ережесінің дұрыс | **4-жас**<br>**«Кім алғыр» ойыны.**<br>**Міндеті:** таңбалар арасындағы байланысты жете түсінуіне, сан құрамын анықтай білуге, жазбаша есептеуге дағдыландыру.<br>**Ойынның барысы:** Балалардың қолында сандар мен таңбалар үлестіріледі. Ойын мазмұнын түсіндіргенде кез келген түпкі нәтижемен таңбаны ескере отырып, өрнектерді құрастыру. Ойлаған өрнектерін тақтада жазбаша орындайды.<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, )** | **4-жас**<br>**«Сен де сонша көрсет» ойыны.**<br>**Міндеті:** Балалардың көрген нәрселерін немесе естіген дыбыстарын санап, есте сақтап, оған басқа нәрселерді сәйкестендіруге үйрету.<br>**Ойынның мазмұны:**<br>**1 вариант.** Тәрбиеші карточканы көрсетеді де, алып қояды. Балалар карточкада неше фигура, ою- таңба бар екенін айтып, сонша жалауша көрсетуі тиіс.<br>**2 вариант.** Тәрбиеші бірнеше рет алақанын соғады. Балалар оны зейін қоя тыңдап, одан соң соншама жалауша көрсетеді.<br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, )** | **4-жас**<br>**«Қай вагонға мінемін?» ойыны.**<br>**Міндеті:** сандардың құрамын білу, таңбаларды айыра алуға, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойынның барысы:** амалдарға берілген сан өрнектері жазылған карточкаларды тарату. 1+4, 4+2, 5-2, 5-4. Олардың мәні бала отырған вагонға сәйкес. Мысалы, 5-ші нөмірлі вагон, өрнектердің жауабы 5-ке тең оқушылар, сан вагонға ілесіп, тіркелуге тиіс.<br><br>**(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, )** | **4-жас**<br>**«Сипаттамасы бойынша тап» ойыны.**<br>**Міндеті:** Ұзын–қысқа, жуан-жіңішке, үлкен–кіші, оң-сол, ұғымдарын қайталау.<br>**Ойынның мазмұны.** Бала қолын артына ұстайды. Тәрбиеші оның қолына үлкендігі түрліше, бірақ тегі бірдей екі затты ұстатады. Бала қолына қарамастан, оң қолында үлкен тас, сол қолында – кіші тас бар екенін айтуға тиіс. Балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Енді тәрбиеші екінші баланың қолына жуандығы бірдей, ұзындығы әр түрлі екі таяқша немесе жуандығы әр түрлі ұзындығы бірдей екі қарындаш ұстатады. Топ алдына шақырылған әрбір бала бір – біріне ұқсас 2-3 жаттығу орындайды. Ешқандай қателік жібермеген балалар жеңімпаздар болып есептеледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жабдық:** күрекше, 2 кішігірім шелек, үлгі, сумен құмыра. **(коммуникативтік, физикалық,танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **Жабдық:** күрекше, 2 кішігірім шелек, үлгі, сумен құмыра **(коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | **(коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұраныш үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұраныш үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу |

Келісемін:

Әдіскер міндетін атқарушы

Темирова З.А.

«__» __ 2025 жыл

Тәрбиелеу білім беру процесі

2025-2026 оқу жылы

Аралас топ 3-4 жас

Қыркүйек 3-апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 15.09.2025 | Сейсенбі 16.09.2025 | Сәрсенбі 17.09.2025 | Бейсенбі 18.09.2025 | Жұма 19.09.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| «Адал азамат»біртұтас тәрбие бағдарламасын аясында. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» Аптаның дәйек сөзі: Ақырын жүріп анық бас,еңбегің кетпес далаға! Абай | | | | | |
